
ХАТТАМА

ПРОТОКОЛ

№2 «20» қараша 2024 жыл
Педагогика және психология факультеті
«Жас психолог» ғылыми үйірмесі

Төрайымы – Мамекова А.Т.

Хатшысы – Суранчина А.

Қатысқандар: ППқ 321– 7, ППқ 311-2, Пқ (ІР) 111-6

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

«Бүгінгі маман – болашақ ғалым» тақырыбындағы үйірме отырысының хаттамасы

Күн тәртібі:

1. Болашақ ғалымдар үшін кәсіби дамудың маңыздылығы.
2. Ғылымдағы негізгі бағыттар және зерттеу жұмыстарына қатысу мүмкіндіктері.
3. Студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары мен инновациялық жобалары.

Тыңдалды:

Үйірме жетекшісі: Педагогика және психология кафедрасының оқытушы-дәріскері, PhD А.Т. Мамекова

«Ғылым – үздіксіз ізденіс» демекші біз білім мен қатар ғылымға жақын болғанымыз жақсы. Сондықтан осы үйірмеде мақала жазып, ғылыми конференцияларға қатысқандарыңыз сіздерге көмек болады деген ойдамын. Осы жақында Астанада халы аралық байқау болады. Соған кім қатысқысы келеді? Өткенде сіздерге тақырып таңдап келіңіздер дегенмін. Сол бойынша талқылайық.

Сөз алды: Сапарбек Әйгерім

Асем Танирбергеновна! Мен мақала жазғым келеді. – Бүгінгі ғылымда шешілген сұрақтар ертең жаңа сұрақтарға ұласады. Сондықтан ғылым – ешқашан тоқтамайтын білім ізденісінің бір бөлігі. Мен «Қазақстандағы жастар арасындағы ажырасу статистикасы және оның себептері» бойынша қарастырсам.

Сөз алды: Жанатқызы Еркежан

- Асем Танирбергеновна! Мен мақала жазғым келеді. Сіздің бағыт-бағдарыңыз бойынша «Қазіргі уақытта жасанды интеллект жасөспірімдерге және оқушыларға психологиялық әсері» туралы жазсам.

Тыңдалды:

Үйірме жетекшісі: Педагогика және психология кафедрасының оқытушы-дәріскері, PhD А.Т. Мамекова

- Жарайсыздар!
- Астанада 18- желтоқсанда NATIONAL ACADEMY OF SCIENTIFIC AND INNOVATIVE RESEARCH(NAcSIR) ұйымдастыруымен өтетін «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ - 2024» атты халықаралық байқауына студенттерді қатысуға шақырады.

Іс-шараның **мақсаты:** жас ғалымдардың жетістіктері мен ғылым саласына қосқан үлесін мойындау және марапаттау. Еліміздегі ғылым саласының дамуына өзіндік үлес қосып жүрген азаматтарды, өз ісінің мамандарын қоғамда кеңінен насихаттау, келешек жастарға үлгі ету. Қажетті құжаттар тізімі: ғылыми мақала (жұмыстың бірегейлігі кемінде 70%) және тіркеу формасы. Техникалық талаптар: мәтіндік файлдар Word форматында ұсынылуы керек. Жол аралығы – 1,0 интервал, бір бағанда. Шеттері: барлық жағынан 2 см шрифт өлшемі 14 Times New Roman. Басылым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын тілдері. Қатысуға өтінімдер мен материалдарды Researcher.award@mail.ru электронды поштасына жіберу керек.

Барлық қатысушылар ТІРКЕУ ФОРМАСЫН толығымен толтыруы керек. Жобаға қатысушылар «ЖЫЛДЫҢ ҮЗДІК СТУДЕНТІ - 2024» арнайы медалімен, статуетка және 1, 2, 3 дәрежелі дипломмен марапатталады, ғылыми жетекшісіне арнайы сертификат. Сондай-ақ жинақтың электронды нұсқасы (журналдың сайты). Қабылданған материалдар халықаралық ғылыми басылымда жарияланады.

Болашақ ғалымдардың кәсіби дамуы

-Ғылыми қызметтің маңыздылығы мен оның мамандық бойынша дамуға әсері қарастырылды.

-Қатысушылар өз салаларында табысқа жетудің жолдары туралы пікір алмасты.

Сөз алды: Суранчина Айнамкөз

- Жақсы апай!
- Менде мақаланың тақырыбын қарастырдым. Осы Астанадағы байқауға қатысамын. «Студенттер ұжымында буллингтің алдын-алуда жайлы әлеуметтік психологиялық климат туғызу маңызы» осы тақырыпта жазсам.

Тыңдалды: Мамекова А.Т.

Тамаша! Онда тездетіп, мақалаларымызды жазайық. Сіздерге Сәттілік!

Шешімдер:

1. Үйірме мүшелері ғылыми-зерттеу жұмыстарына белсенді қатыстыру.
2. Ғылыми конференциялар мен семинарларға жүйелі түрде қатысып, өз жобаларын ұсыну.
3. Болашақ ғалым ретінде кәсіби құзіреттілікті арттыру мақсатында оқытушылармен бірлесіп жұмыс жасау.

Төрайымы
Хатшысы

Мамекова А.Т.
Суранчина А.